

Әлем елдері Білім күнін қалай атап өтеді?





## Қызығушылықты ояту. Сұрақ-жауап.

1. Суреттен нені көріп тұрсың?
2. Қандай оқушылар қоңырау соғады?
3. Ал сенің қоңырау соққың келеді ме?



Оқылым. Мәтінді оқы және аудар.

## Әлем елдері Білім күнін қалай атап өтеді?

Норвегияда оқу жылы сәуір айының аяғында басталады. Бұл елде балалар мектепке алты жастан бастап қабылданады. Бір қызығы, норвегиялық білім беру ордаларында асхана деген мекемелер атымен жоқ. Мектептерде ғана емес, балабақшада да бөбектерді тамақтандыруға рұқсат берілмейді. Балалар өздерімен бірге жеңіл-желпі тамақтарын ала келетін көрінеді.



### Жаңа сөздер:

сәуір айы - апрель

басталады - начнется

қабылданады - принимается

асхана - столовая

білім беру ордаларында - в учебных заведениях

балабақша - детский сад

рұқсат етілмейді - не допускается

өзімен ала келу - взять с собой



Үндістанда Білім күні – нағыз аптапты ыстықта, яғни, 1 маусым күні өткізіледі. Сондай-ақ африкандық елдердің балалары сабаққа төрт жастарынан бастап барады. Мектепке дайындық үш жастан басталып, арнайы курстарға қатыстырылады. Мектепке қабылданбас бұрын, бала барлық әріптерді білуі және әлемтану пәндерін меңгеруі тиіс. Өкінішке орай, бұл мемлекетте білім алу міндетті болып саналмайды, сондықтан миллиондаған жеткіншектер мектеп табалдырығын мүлде аттамайды десе де болады.



**маусым** – июнь **жас** – возраст  
**мектепке дайындық** – подготовка в школу  
**әлемтану пәндері** – мировых дисциплин  
**обязательным**

**мектепке барады** - идет в школу  
**барлық әріптерді** – все буквы  
**міндетті болып саналмайды** – считается не

## Жазылым. Сурет бойынша сөйлемді аяқта.

1. Норвегиялық білім беру ордаларында



деген мекемелер атымен жоқ.

2. Норвегияда оқу жылы



айының аяғында басталады.

3. Африкандық елдердің балалары



төрт жастарынан бастап барады.

4.



білім күні 1 маусым күні өткізіледі.

## Тыңдалым.

Жапонияда оқу жылының басталуы сәуірдің басталуымен тұспа-тұс келеді. Олардың айтуынша, балалар мектепке көгілдір көктемнің шуақты күндерінде көтеріңкі көңіл-күймен келеді екен. Аталған дамыған мемлекетте оқушыларды 6 жастан бастап қабылдайды. Жапондық бөбектердің сабақ кестелеріне «табиғатты тамашалау» атты пән енгізілген. Сабақ барысында оқушылар көшеге шығып, түрлі жерлерге саяхат жасап, табиғатты аялау және табиғи құбылыстардың құпиясын шешуді үйренеді.



### Жаңа сөздер

**Көтеріңкі көңіл-күй** – хорошее настроение

**Дамыған мемлекет** – развитая страна

**Сабақ кестесі** – расписание уроков

**Пән** – предмет

**Енгізілген** – включены

**Сабақ барысында** – во время урока

**Көше** – улица

**Саяхат жасау** – путешествовать

**Табиғатты аялау** – забота о природе

**Табиғат құбылыстарының құпиясы** – секреты природных явлений



**Тыңдалым тапсырмасы. Қажетті сөздерді қойып сөйлемді аяқта.**

1. Жапонияда оқу жылының басталуы \_\_\_\_\_ басталуымен тұспа-тұс келеді. 2. Олардың айтуынша, балалар мектепке көгілдір көктемнің шуақты күндерінде \_\_\_\_\_ келеді екен. 3. Аталған дамыған мемлекетте оқушыларды \_\_\_\_\_ бастап қабылдайды. 4. Жапондық бөбектердің сабақ кестелеріне \_\_\_\_\_ атты пән енгізілген. 5. \_\_\_\_\_ оқушылар көшеге шығып, түрлі жерлерге \_\_\_\_\_, табиғатты аялау және табиғи құбылыстардың құпиясын шешуді үйренеді.

**Қажетті сөздер:** сабақ барысында, сәуірдің, «табиғатты тамашалау», көтеріңкі көңіл-күймен, 6 жастан, саяхат жасап.

**Жауабы:** 1. сәуірдің, 2. көтеріңкі көңіл-күймен, 3. 6 жастан, 4. «табиғатты тамашалау», 5. сабақ барысында, саяхат жасап.

## Айтылым. Ой талқы. Сұрақ-жауап.

1. Жаңа оқу жылы қай мезгілде басталғаны ұнайды?

Жауабы: Жаңа оқу жылы.....

2. Мектепке қанша жастан барғанды дұрыс деп санайсың?

Жауабы: Менің ойымша, мектепке .....

3. Саған мектеп формасын киген ұнайды ма жоқ әлде еркін форма киген бе?

Жауабы: Маған ..... ұнайды.

1



2



3





# *Сергіту сәті*

**Сағаттың тіліндей,  
Иіліп оңға бір,  
Сағаттың тіліндей  
Иіліп солға бір.  
Оң аяқ, сол аяқ,  
Жаттығу оңай-ақ.**

**Жазылым.** «Менің сүйікті пәндерім» («Мои любимые предметы») тақырыбында шығарма (сочинение) жаз.

**Мына сөздерді басшылыққа алсаң болады :** ұнайды, сүйіп оқимын, өте қызықты, тақырыптары қызық, өтіледі, мұғалім, т.б.





**Жазылым. Мектепке қажетті құралдарды сөмкеге сал!**

*Қаламсап (ручка), дәптер (тетрадь), тоңазтқыш (холодильник), үстел (стол), кітап (книга), бәтеңке (ботинка), желім (клей), ойыншық (игрушка), түрлі-түсті қарындаш (цветной карандаш), өшіргіш (ластик), жейде (рубашка), сызғыш (линейка), ұштағыш (точилка), ермексаз (пластилин), доп (мяч), пенал, қайшы (ножницы), циркуль, нан (хлеб).*



**Сөз тіркесі** ( орыс. **словосочетание** ) деп толық мағыналы екі я бірнеше сөздің бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысуын атаймыз.

**Словосочетание** — это соединение двух или более самостоятельных слов, связанных по смыслу и грамматически, служащее для расчленённого обозначения единого понятия (предмета, качества, действия и др.).

#### 4. Сөз тіркесі екі сыңардан тұрады.

##### **Подчинительные**

1. Бағыныңқы сөз.

Баланың

Гүлденген

Уәдеге

##### **Сочинительные**

2. Басыңқы сөз.

тілі

Қазақстан

берік



# Сөз тіркесінің түрлері

## 1. Есімді тіркес

*Басыңқы сыңары зат есім,  
сан есім, есімдік, сын есімнен  
болады.*


Болашаққа (неге?) **аманат**  
Алтын (қандай?) **сағат**  
Ағасы (кімі?) **осы**

## 2. Етістікті тіркес

*Басыңқы сыңары  
етістіктен болады*


Асықпай **сөйледі**  
Ерте **келді**  
Тез **жүрді**

**Жазылым.** «Мұғалім» сөзін қатыстырып, бірнеше сөз тіркестерін құрастыр.





**Жазылым.** Сөздерді дұрыс сәйкестендір. Басыңқы және бағыныңқы сыңарды ажырат.



**Мысалы:** «Ақылды мұғалім» .

1

2

(1) Бағыныңқы сыңары – ақылды + мұғалім - (2) Басыңқы сыңары

**Жазылым.** Мәтінге ат қой.  
Мәтіннен бір-бірімен  
байланысып тұрған сөздерді  
(сөз тіркесін) тауып жаз.

Бүгін – үлкен мереке. Жаңа  
оқу жылы басталды. Балалар  
қуанышты. Олар мектепке  
келді. Қолдарында әдемі  
гүлшоғы бар. Мұғалім оларды  
қарсы алды.




**Жауабы:** Үлкен мереке, жаңа оқу жылы, оқу жылы басталды, мектепке келді, әдемі гүлшоғы, гүлшоғы бар, оларды қарсы алды.

# Айтылым. Сабақты қорытындылау.

## Тест тапсырмасы.

1. Сөз тіркесі дегеніміз не?

А. Екі я бірнеше сөздің мағыналық әрі тұлғалық жағынан байланысуы. 

Б. Екі сөздің қосарлануы

С. Екі сөздің бірігуі

Д. Екі сөздің қысқаруы.

2. Сөз тіркесінің қанша сыңардан тұрады?

А. 2 

Б. 1

С. 3

Д. 4

3. Сөз тіркесінің түрлері?

А. Есімді және етістікті тіркес 

Б. Бағыныңқы және басыңқы

С. Зат есім және етістік

Д. Сын есім және сан есім

4. «Қызыл алма» тіркесінің басыңқы сыңары қайсы?

А. Қызыл

Б. Алма 

С. Қыз

Д. Ал



## Үй жұмысы.

1. Жаңа сөздерді жаттау.
2. Ережені жаттау.
- 3.«Білім күнін қалай атап өтемін?» тақырыбында шығарма жазу.  
(«Как я отмечу день знаний?» )